

**2015 жылға Жәнібек ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 67 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 сәуірде № 3878 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 сәуірдегі № 70 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 22.04.2016 № 70 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2015 жылға Жәнібек ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Жәнібек ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 30 шілдедегі "Жәнібек ауданы бойынша 2014 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемін және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" № 253 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 3619, 2014 жылғы 29 тамыздағы "Шұғыла" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Жәнібек ауданы әкімі аппаратының басшысы (Ж. Абдоловқа) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Қадырбековке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Б. Қуаналиев*

**2015 жылға Жәнібек ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

**Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 10.08.2015 № 224 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Ай сайын тәрбиеленушіге мемлекеттік білім беру тапсырысы (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар ата-ананың 1 айдағы ақы төлеу мөлшері (теңге)
<b>Балабақша (жергілікті бюджет)</b>						
1	Жәнібек ауылы	Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "Балдәурен" сәби-балабақшасы " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	120	24471	24471	2973
2	Жәнібек ауылы	Жәнібек ауданының білім беру бөлімінің "Жәнібек балалар бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	84	26917	26917	2973
3	Ақоба ауылы	Балабақша "Балауса" аудандық білім беру бөлімінің мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	44	24784	24784	2973

4	Борсы ауылы	Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны "Балапан" балабақшасы	22	48106	48106	2973
5	Жасқайрат ауылы	Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны "Ақбота" балабақшасы	36	29641	29641	2973
6	Қамысты ауылы	"Балабақша Балбұлақ" Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	42	31309	31309	2973
7	Ұзынкөл ауылы	"Балабақша Ұзынкөл" Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	44	29932	29932	2973
8	Тау ауылы	"Балабақша Қайрат" Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	30	41178	41178	2973
Мектеп жанындағы толық күндік балабақша (жергілікті бюджет)						
9	Талов ауылы	Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "Ғ. Сарбаев атындағы орта жалпы білім беретін мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	20	16346	16346	2973

10	Жақсыбай ауылы	Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "М . Б. Ықсанов атындағы орта жалпы білім беретін мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	30	18205	18205	2973
Мектепке дейінгі ұйым (Республикалық бюджет)						
11	Жәнібек ауылы	Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің " Алтын ұя" бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	290	28 194	16 203	4 200